

УДК 070.1:2(574)

«Қазақ» газетіндегі дін мәселесі

Смагулова Светлана Одепқызы

тарих ғылымдарының докторы, доцент, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары. 050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28.
E-mail: aderp_s68@mail.ru

Абикова Гүлшат Мәсәлімқызы

«Ғылым Ордасы» РМК Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасы. 050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28.
E-mail: aderp_s68@mail.ru

Түйін. Дін қоғамның рухани және әлеуметтік-саяси өмірінде ерекше рөл атқарады. Мақалада 1913-1918 жылдар аралығында Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде көтерілген дін мәселесі қаралады. Авторлар аталған мерзім аралығында жарық көрген мақалалар негізінде қазақ жерінде жүргізілген отарлау, орыстандыру негізінде дінге көрсетілген қысым барысы мен дінге қатысты туындаған қоғамдық көзқарастар мен сол кезде қалыптасқан діни ахуалдарды нақтылап береді.

Түйін сөз: дін; ислам; қоғам; отарлау; орыстандыру; дәстүр; шариғат; имандылық.

Қазақ қоғамында аса өзекті саналатын мәселелердің бірі – дін мәселесі. Әр қилы заманда дінге деген көзқарас түрліше болды және соған сәйкес пайымдаулар да туындап отырған. Мәселен, кеңестік билік тұсында дінге деген ұстанымды жоққа шығаруға қатысты пәрменді түрде іс-шаралар жүргізіліп, дінді ұстанғандар қудаланды. Дін мәселесіне қалам тартқан немесе зерттегендер, біріншіден, дінді үстем таптың қараңғы халықты тұншықтыруға бағытталған құралы ретінде көрсетуге тырысса, екіншіден, дінді адам санасын улаушы, көрсоқырлыққа қарай жетелейтін құрал ретінде бағалады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында патша үкіметі дінге аса мән беріп, сол арқылы өзінің қол астындағы орыс емес, «бұратана» атаған халықтарды басқаруға талпынғаны шындық. Патша үкіметі Орта Азия халықтарына қатысты ұстанған ұстанымы дінін шоқындыру арқылы орыстандыру саясаты екендігін ашық та, айқын да айтып, жазған.

XIX ғасырдың соңында қазақ жеріне жіберілген Н.И. Ильминский, А.Е. Алекторов, В.В. Катаринский, Н.П. Остроумов сияқты миссионерлер орыстандыру, шоқындыруға қатысты патша үкіметінің саясатын сәтті атқарды. Олар мәдени тұрғыда әлсіз деп тапқан халықтарды отарлау, орыстандыру және шоқындырудың бірден-бір жолы оқу жүйесін өзгерту арқылы сөйлейтін тілінен, өз тілінде ойлау қабілетінен айыру керектігін түсінді және сол жолда әрекет етті. Сөйтіп, «түземдік» деп аталған мектептерді ашып, оқыту жүйесінде оларға арналған арнайы оқулықтар мен оқу құралдарын шығару мәселесін қолға алды. Мектептер ашып, Құдай жолында оқытуда, яғни христиан ілімін үйрету үшін орысша оқу, орысша жазу, орысша ойлауға үйрету жолын енгізудің аса маңыздылығын миссионерлердің жоғары орындарға жазған есептік хаттарынан айыру қиын емес.

Аралас мектептер ашу мен оған қазақ балаларын тартып, оқыту арқылы, біріншіден, оқу, жазуды орыстандыруға мүмкіндік туғызса, екіншіден, пән негізінде христиан дінін уағыздау арқылы олардың санасын улауға жол ашты. Мұсылман халықтарын дінінен, ата-бабадан бері келе жатқан салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бас тартқызуға қадам жасады. Түрлі әдеби кітаптарды шығару, әңгіме-дүкен құру арқылы мұсылмандардың сеніміне еніп, рухын улау үдерісі

өз нәтижесін бере бастады. Орыс шаруалары қоныстанған жерлерге шіркеулер салу мен ірі қалаларда аралас орыс-қазақ мектептерін ашумен мұсылман халықтарын қызықтыру арқылы тартуда патша үкіметі жергілікті бай-болыстарды шен-шекпен беру арқылы пайдаланды. Алайда бұл әккі саясат жергілікті халықтың наразылығын тудырмас үшін аса сақтықпен жүргізілді. Діни кітаптарды жариялауға немесе қажылыққа баруға жағдай жасай отырып, жаймен ислам дінін ығыстырудың да амалдары қарастырылды.

Патша үкіметі ислам дінінің кереғарлық әрекеттерін әшкерелейтін мақалаларды жазу арқылы халық арасында дін иелерін, молда, ишандарды қараңғылыққа жетелейтін, тура жолдан адастыратындар есебінде көрсетуге тырысты. Орыс тілді газеттерде, шығарылып жатқан түрлі әдеби кітаптарда ислам дінін қаралайтын түрлі пікірлер жариялады. Мәселен, Ресей Ғылым академиясының XX ғасыр басында шығарған «Мусульманский мир» журналына жарияланған мақалалар Құранды талдауға алып, оны Библиямен салыстыруға тырысып, ішінде жазылған сүрелерді сынға алып, «фанатизмге толы» деген тұжырым жасауға тырысқан. Бұл журналға ислам дініне қатысты шет мемлекеттерде жарық көрген кітаптар жайында шағын ақпарат беріліп отырды. Осы арқылы бір жағынан Ресей қол астындағы мұсылмандардың ислам дініне деген көзқарастарын өзгертуге талпынып, осы арқылы христиандандыру саясатын насихаттап бақты.

Дін мәселесі ашық түрде айтыла бастағандықтан, жергілікті шығарылатын баспасөз беттерінде бұл мәселенің еркін түрде жариялануына барлық жағдай жасалынған. А. Байтұрсынов айтқандай, қазақтың тілі мен көзі болған «Қазақ» газеті дін мәселесі төңірегінде көпшіліктің көзқарасын ашық жариялауға және дін мәселесіне қатысты патша үкіметі тарапынан жүргізілген іс-шараларды қалың қазаққа жеткізуге тырысты.

Қарапайым халыққа ислам дінінен басқа дүниежүзіндегі діндер жайында терең мағлұмат беруді көздеген газет бұл діндердің қаншалықты қоғамға, халыққа қажеттігін жеткізуге тырысқан. Өзінің 1913 жылғы бірінші санында-ақ дін проблемасына байланысты «Дін таласы» деген мақаланың жариялануы, дүниеде жаратушының бар-жоғын анықтамақ болған ғалымның құлымен арадағы диалогы тұрғысында әр халықтың құлшылық ететін, риясыз сенетін рухани сенімі, күшті діні барлығын таразылап көрсеткендей. Ислам мен православие дінінен басқа брахма, еврей (яхуд) діни наным-сенімдерін ұстанып, брахмалық абыздар құлшылық ететін брахма құдайын танығандар мен Ибраһим, Ысқақ, Яхуд пайғамбарларды Құдай деп таныған яхудардың арасындағы алғашқы қай дін деген тартыстан туындаған түрлі пікірлерге тоқталады.

Інжіл дінінен ислам дінінің артықшылығы бар ма, жоқ па – осы сауал төңірегіндегі діндарлардың арасындағы айтыстың төте кесімін конфуций дініндегі пірадардан жасауды өтінді. Ол күнді мысал ретінде алып, әр түрлі ғалымдардың күнге қатысты болжамдарын келтіре отырып, ол туралы адасу да, алдану бар дегендей, дінде де осындай жолдардың барлығын жеткізгендей болды. Пірадар бар діннің бір Құдайы бар екендігін, тәңірінің ізгілігін нығыметімен тану, рақымды, мейірімді, қайырымды болу керектігіне үндеді. Астарлы сөзімен әр халықтың ұстанған діні мен сенімін жүрекпен сезінудің, көр соқырлыққа барып, өтірікке иланбай өмір сүрудің маңыздығын көрсетті.

Бұл жерде автор түрлі діндердің арасындағы алдыңғы орынға қарай ұмтылып, тартысуынан ақырында Балқанда үлкен қан төгістер туындап отырғандығын мысалға ала келе, оқырмандарына қандай діндегілер болса да бірінің сенімін

бірі құрметтеп, соқырлықтан ада болса деген ниетті көздеді¹⁰.

Шындығында да «Қазақта» жарияланған осы мақаланың түп-төркіні бірінің дінін бірі танымай, сыйламай аяққа таптап, ақырында қырғынды тудырып отырған соғыстың кесірі зор екендігін дәлелдегендей. Мұсылман болып, христиан болып қырқысқан Балқан соғысының бір себебі де діни бақталастық болғандығын көрсетіп тұр. «Қазақ» бұл соғыстың халыққа қандай зияны мен пайдасының болғандығын әрбір санында жариялап бақты.

Балқан соғысында жалғыз мұсылман дініндегі Түркия мен қалған қандас және діндес христиан мемлекетінің арасындағы соғыс жер тартысы екендігін газет ашық та, айқын жазды. «...соғысушылар арасында басқа дінді, басқа қанды жалғыз Түркия. Түркия келіп Стамбұлды алып, Аясофияның кірешін алып тастап, ай орнатқаны христиан жұртының есінен кетпейді. «Шарқ мәселесі» деген араларында сөз бар. Оның түп мақсаты түрікті Еуропадан қуып, Стамбұлды алып, ай орнына кірешті қайта орнатпақ», - деп, ұзақ жылдарға созылған бұл соғыс діни соғыс екендігін дәлелді мысалдармен келтірді¹¹. Сонымен қатар газет француз, ағылшын газеттері түркілер, мұсылмандар туралы өтірік ақпарлар жазатындығын да жасырмады¹².

Ашылған мектептерге шәкірт қабылдау мәселесінде де патша үкіметі айла-шарғыға жүгінген. Оқуға төлер қаражатқа зәру шәкірттерді арнайы қаржы бөлу арқылы қабылдау, мектептердегі оқыту жүйесін насихаттау арқылы халық арасында олардың қызығушылығын туғызу, орыс әріпі негізінде қазаққа қатысты түрлі мазмұнда кітаптар шығару, мектепті аяқтаған шәкірттердің одан әрі оқуына барлық жағдайларды жасау мәселесін қолға алды. Ноғай, татарлар арқылы оқушыларға арналған жәрдем орталықтарын құру арқылы орыс мектептерінде оқып жатқан мұсылман балаларының оқу ақысын өсіміз төлеп, бар жағдайын жасауға тырысты.

Жалпы ноғай, татарлар құрған осындай жәрдем қоғамынан қазақ балалары жиі көмек сұраған. Мәселен, «Қазақ» газеті жазғандай, Орынборда ноғайлардың «Оқушыларға жәрдем» қоғамы Петербордағы политехникалық институтта оқып жүрген Ақтөбе облысы Ырғыз уезінің Аманкөл болысының қазағы Тел Боқпанұлы Жаманмұрыновтың көмек сұрай жазған арызын қарастырып, 25 сом ақша жәрдем беруді шешіпті. «Қазақ» қоғамның бұл ісіне шексіз алғыс айтқан екен¹³.

Жергілікті шенеуніктердің, миссионерлердің мұсылман мектептеріндегі оқыту жүйесінің нәтижесіз оқу екендігін дәлелдеген қажырлы насихаты еш қалған жоқ. Орыс мектебінде оқыған қазақ жастары мен көзі ашық азаматтардың өзі де баспасөз арқылы орыс оқуын жақтай сөйлеген. «Қазақ» газетінде Керейбалта деген бүркеніш атпен танымал болған Ахмет Жанталин медреседегі тек Құранды оқытуға арналған оқу жүйесіне қарсы болып, одан оқып шыққан балалардың болашағын бұлыңғыр көрді. «Әмма Семей, Қарғалы, Орск, Қостанай, Қызылжар медреселеріндегі он мыңнан артық шәкірттерге айтатынымыз мынау: «Сіздердің медреседе оқылған ғақайд, шарх мұлда, психология, шамсие, жамиғ аррумуз секілді сапсатаның елге де, өздеріңе де, дүние һәм ақыретке керегі жоқ. Сол айтылған кітаптарды оқып әзіз өміріңізді далаға жібермей, өзіңізге һәм ел-жұртыңызға пайдасы тиетін оқу оқыңыз», - деп, мұсылман діні оқуынан гөрі, оқуға, жазуға, сөйлеуге үйрететін орысша оқуды оқып, орысша таза білуге шақырды.

¹⁰ Дін таласы // Қазақ. - 1913. - № 1 (2 ақпан); №2 (10 ақпан); №3 (17 ақпан).

¹¹ Оренбург, 18 февраль // Қазақ. - 1913. - №3 (17 ақпан).

¹² Түркия хабарлары // Қазақ. - 1913. - №3 (17 ақпан).

¹³ Оқушыға жәрдем // Қазақ. - 1913. - № 1 (2 ақпан)

Бұл жерде автордың дінге қатысты туындаған түрлі пікір, тұжырымдардан хабардар болғандығын аңғару қиын емес. Ол діни ілімнен гөрі математика, жағрафия, орыс тілі сияқты пәндердің оқытылуын құп көрді. Алған діни іліммен молда болып, жаназа шығарумен ғана шектелмей, дүниедегі болып жатқан өзгерістермен таныстырудың артықтығын қалады¹⁴. Сонымен қатар А. Жанталиннің қазақ халқының алға ұмтылып, тек ислам діні ғана емес, өзге халықтардың тілін білумен қатар, олардың білім, ғылымынан қажеттігін алуды оң санағанын байқауға болады.

Жалпы XX ғасыр басында қалыптасып, осы «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан ұлт зиялылары оқу, білім, ғылымды қазақ арасында насихаттауға тырысқан. Мектеп ашу, осы мектептерге қажетті оқу кітаптары мен оқыту құралдарын жазып, шығару мәселесін көтерген. Ол үшін игі жақсылардан (байлар, қазақ оқығандарынан) қаражат жинап, қолға алудың маңыздылығын мақалаларында жазып, жиындарда сөйлеген сөздерінде айтып жатты.

Мектеп-медресеге қатысты қаражатты жинауда дінді қолдану, яғни халық арасынан осы іс-шараға байланысты зекет, пітір жинау арқылы жүзеге асыруды да оң көрген. «Қазақ» газетінің 196-ншы нөміріне жарияланған Жиенғали Тілепбергеновтың мақаласы осы мәселені көтерген. Ол көпшілікке «Зекет, пітір сияқты құдайы садақаларды ел болып ұйымдастырып, бір жерге жинап, мектеп, медресе ашып, тұп-тура ғылым жұрттарының жолына жұмсауға жол бар ма?» деген сауал тастайды¹⁵. Оған Ө. Бөкейхан, Ж. Аймауытов, Н. Күзембаев, Ғ. Пішенбаев және т.б. азаматтар жауап берген екен.

Әлихан Бөкейхан рамазан айына байланысты берілетін садақаны тек молдаларға ғана бермей, пақыр, мұқтаждарға, кедейлерге бергенде сауабы мол екендігін айта келе, «пақыр» деген сөзді кең аяда түсіу керектігін саралап береді. Ол садақаны білім-өнерге құштар, бірақ қаражаты жоқ жастарға бергеннің ырыздығы мол екендігін, сондықтан бір молданың ғана пайдасына бермей, ұлтқа пайда берерлік мектеп, медреселерді қаржыландыруға жұмсалса, кейін игіге жарар еді деген тұжырымда болды («Қазақ» gazeti 1998, В. 305-306).

Мемлекеттік Думада қаралған мәселелердің бірі – дін мәселесі. Осы Думада жерге мәселесін қарастыру барысында қоныстанушы православие мен христиан дініндегі орыс шаруаларына берілетін жерлерге қатысты Заңдарды қарастыру барысында, өзге дінгеілерге жер беру мәселесіне орай туындаған тартыстарды «Қазақ» талдауға алуға тырысты. Дала Ережесінің 136-бабында қатысты қазақтардың арасында туындаған наразылық барысына Қыр баласы «Төртінші дума һәм қазақ» деген мақала жариялап, Дума барысында христиан дініндегі шаруаларға берілген барлық мүмкіншіліктерге басқа діндегілер қол жеткізе алмай отырғандығын, қазақтарды жер алу үшін мәжбүрлеп өзге дінге енгізу амалының жүргізілуін сынға алды¹⁶. Жалпы, Дума барысында депутаттар дінге еркіншілік беру мәселесін көтерген. Дегенмен патша үкіметі орыстарға өз дінінен басқа дінге өтуге тыйым салған. Осы мәселені газет көтере отырып, жариялаған «Русияның ішкі жайы» деген мақалада 1905 жылғы октябрь манифесінің халыққа берген бес түрлі бостандығын бірі осы дін мәселесі екендігін көтере келе, қай дінде болсам да ықтиярлы деген бап бойынша басқа діннен орыс дініне енуге рұқсат болып, орыс дініндегілер басқа дінге кіруге жол жоқтығын ашық көрсетеді¹⁷. Мұнда орыстардың шоқындыру саясатының пәрменділігі көрініп тұр.

Осыған орай қазақтар тарапынан Петрогадқа мұсылман фракциясына

¹⁴ Жанталин Ахмет. Медреседе оқып шыққан шәкірттерде не болашақ? // Қазақ. - 1913. - № 2 (10 ақпан).

¹⁵ Қазақ. - 1916. - №196.

¹⁶ Қыр баласы. Төртінші Дума һәм қазақ // Қазақ. - 1913. - №25 (8 тамыз).

¹⁷ Русияның ішкі жайы // Қазақ. - 1913. - № 6 (16 наурыз).

жіберілген ашық хатта Думада төмендегідей мәселені ашық шешуін талап еткен:

- 1) Дін басқалық жағынан, бұратаналық жағынан қойылған бөгеттерді жоғалту;
- 2) Депутаттық правосынан айырылған жұрттардың правосын қайтару;
- 3) Бір діннен екінші дінге көшу рұқсаты қай дінге болса да бірдей болу;
- 4) Мұхалеттерін түзеу;
- 5) Мұфтиліктердің мекемелерін түзету;
- 6) Мұсылман мектептерінде оқыту ана тілінде болу;

Бұл мәселелер Думада шешілген жағдайда мұсылмандардың рухани мекемелерін жөндеу, мұсылмандарға келтірілетін бөгеттерді жоғалтуды қолға алса деген өтініштерін білдірген («Қазақ» gazeti 1998, В. 279-280).

Газеттің көтерген тағы мәселелерінің бірі – бұл қажылық. Басылым қажылыққа баратындардың қандай жолмен барған тиімді және өздерімен қажетті қандай зат немесе киім алу керектігіне жол сілтеді. Қажылыққа барар жолдың алыс, жақыны немесе арзан, қымбаты жайында ақпар беріп, теміржолмен барғанның немесе теңіз жолымен жүргеннің тиімді, тиімсіздігін нақтылады. Теміржол салынса, бір жағынан жол пұлы арзанға түсіп, екіншіден, алаяқтардың алдауынан ада болар еді деген болжамды да бөліністі¹⁸. Сөйтіп, зиярат етушінің қандай бағыттағы жолмен жүруді тандауына жөн сілтеді және қажылық сапарға қажетті дайындықтың болуын да ескертті.

«Қазақтың» қажылыққа баратындардың тағы бір естеріне салғаны жол бойында кездесетін қиыншылықтарға дайын болуы. Сондықтан біріншіден, жолға алатын нәрселерді ұқыптап алу, яғни аса қажетті деген киер киім, бір қабат жатар төсек орын мен бұзылмайтын тамақ ғана алу қажеттігін атап көрсетті. Жолға азық-түлік алудан гөрі ақша болса, тамақ табылатындығы да ескертті. Екіншіден, қажы жолына керек құжаттарды реттеу. Қажылыққа барушылар паспорт алғанда Меккеге деп емес, шет мемлекеттерге деп алудың маңыздылығы ескертілді. Ондағы мақсат қажыға зиярат етушілердің жолдағы алаяқтардың алдауы мен арбауына түсіп қалмау, оның үстіне паспортта Меккеге дегеннен гөрі саяхаттап деген жазу болса, тілеген парохоттарына мініп, еркін түрде дйттеген жеріне жетуге болатындығын білдіру болды. Үшіншіден, паспорт алғаннан кейін ең бастысы қажыға баратын жолды таңдау. Теңізбен немесе теміржолмен жүргенде кететін шығынды есептеп, қолында бар қаржысын үнемдеуге шақырды. Төртіншіден, зияратшыларды жалғыз немесе екі-үш адамнан емес, топ болып жүруін тиімді санады. Бұл жолда кездесетін түрлі қауіпті жағдайдан бірін-бірі қорғауға немесе ауырып-сырқап қалған кезде, қаражаттары біткен уақытта демеу болып, өзара қол ұштарын ұсынуға болады деп пайымдады. Оның үстіне топ болып жүргендерге алаяқтар жолай алмайды және заттарының жоғалып кетпейді деген тұжырым жасады¹⁹.

Газеттің бір қолға алған ісі осы қажылыққа барғандар туралы және түрлі себептермен дйттеген жеріне бара алмай кері қайтқандар немесе ауырып жолда қайтыс болғандар жайында да мәліметтер бер²⁰. Қажылыққа ниеттенгендердің аты-жөні мен олардың қай облыстан баратындығы және қашан жолға шыққандығы немесе шығатындығын жазды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына орай «Қазақ» қажылыққа баруды әзірше сабыр сақтап, тоқтата тұруға шақырды²¹. Газеттің жазуынша кейбір барғандар жолда қиындыққа тап болып қайтадан кері қайтуға мәжбүр болған.

¹⁸ Стамбұлдан Меккеге дейін отарба жолы // Қазақ. – 1913. – №13 (8 мамыр).

¹⁹ Қажы жолы // Қазақ. – 1913. – №23 (23 июль).

²⁰ Хасенәлі Аңдамас. Қажылар // Қазақ. – 1913. – №26 (15 август); Қажылар қайтты // Қазақ. – 1913. – №41 (8 декабрь).

²¹ Биылғы қажылар // Қазақ. – 1914. – №72 (31 июль).

Мәселен, Меккеге жол тартқан қазақтар соғыстың ұлғая түсуінен Адис қаласынан кері қайтқан²². Адис қаласынан соғыс қимылы үдей түсуіне орай қажыға параходтар жүру біржола тоқтатылғандығы хабардар етті²³.

Газет дінді қара басының қамына айналдырып алған кейбір молдалар мен имамдардың әрекеттерін де сынға алды. Өздерін «пайғамбар әулетінен, ақсүйек қожамыз» деп халықтың сеніміне кіріп алып, алдап-арбау арқылы зекет, ғұшыр, садақа жиып жүрген алаяқтардың көбеюі, оларға қазақтардың сеніп, барлық жағдайларын жасап, малдай да, ақшалай да қолдарына ұстатып жіберуін надандықтың бір көрінісі есебінде көрсеткен. Газетке жарияланған «Алдану» деген мақала осының көрінісі. Түркістанда осындай алдау жолымен байып алған молда, ишан, қожалардың әрекетін үдемесе, тыйылмай тұрғандығын тиек еткен бұл мақала авторы қазақтың әлі де болса қараңғылықта қалып отырғандығына қынжылады.

Молдалардың «Егер қазақтың бір жері ауырса, түк білмесе де, қазаққа тәуіп бола қояды» дей келе, ауырса дәрігерге қаралмай, молдаларға барып, оларға жалынып-жалпайып, тамырын ұстатып, үшкіртіп дұға жазып алуынан жазылып кеткендерінің шамалы екендігін де айқын келтіреді. Молдалар да: аурудың тамыры ұстап тұрып: «Бұған ауру ақтардың салқыны тиген екен, бір жеті дем салдырып, бір малмен қақтырып, бірсыпыра киімдерін садақа қылу керек», - дегеніне, «Малым-жаным садақасы» деп, қолындағы барын шашып, өз қолымен алдаушы молда-қожаның қолына ұстатандығын «надандыққа» балайды.

Қожаның үшкіріп, тамырын ұстап, дем салуынан жазылудың нышанын байқамаған соң, ауру ем-домның қонғандығын айтып кейісе, «көрдіндер ме, мынаның жындары менің оқуыма қарсыласып тұр, маған бір қамшы беріндер, қуайын» деп аурудың екі қолын артына байлатып қойып, қамшының астына алып, ауруын бұрынғыдан да көтеріп, одан сайын әлсірету үйреншікті әдетке айналып бара жатқандығын сынайды²⁴.

Бұл жерде газет авторы ислам дінін жамылып, пайда табуды көздеген өтірік молда-қожалардың әрекеттеріне тосқауыл қоюды қажет санайды. Көпшілікке «Бұл алданудан тоқталатын күн бар ма?!» деген сауал тастай отырып, осындай өз құлқынын ойлаған адамдардан мұсылман дініне үлкен нұқсан келтіріп, қаралайтындығын жеткізгендей. Ел арасында етек жайған алдау-арбаудың нәтижесінде қарапайым халық қапыда қалып, бармақтарын тістейтіндей жәйттерге жиі ұрынатындығын тілге тиек етеді.

«Қазақ» газетінің дінде көтерген тағы бір мәселесі – мүфтилік. Жеке мүфтилікке бағыну, осы мүфтилік арқылы еркіншілігін алу, адасқандықпен өзге дінге өтіп кеткендерді кері мұсылмандыққа қайыру, діни оқу жүйесі және т.б. дін істерін шешуді осы мүфтиліктер қолға алса деген пікірлердің газетте жариялануы қазақ жұртына ой салды.

Газет діни кітаптардың шығуы мен дінге қатысты ой-тұжырымдарды жариялап отырған «Дін уа мағишат» журналы, дінге қатысты қабылданған заңдар, Мемлекеттік думада немесе Думаның мұсылман фракциясында көтерілген мәселелер мен осыған орай туындаған пікірлер мен тұжырымдар барысымен көпшілікті үздіксіз хабардар етуге тырысты.

Патша үкіметі құлап, кеңестер мен Уақытша үкімет құрылған кезде болған түрлі облыстық съездерде, екі бірдей жалпықазақтық съездерде дін мәселесіне қатысты қойылған талаптармен жұртшылық осы басылым арқылы танысты.

²² Қажылар // Қазақ. – 1914. – №72 (31 июль).

²³ Қажы сапары // Қазақ. – 1914. – №73 (8 август).

²⁴ Алданған. Алдау // Қазақ. - 1915. - № 104.

1913-1918 жылдар аралығында жарық көрген басылымдағы дінге қатысты жарияланған мақала, өлең, фельетон және ақпарлар арқылы сол кезеңдегі үкіметтің саясаты мен қазақ жұртшылығының, ұлт зиялыларының көзқарастарын нақты саралау қазіргі кезде аса маңызды деуге болады.

Әдебиеттер тізімі/ Список литературы

1. «Қазақ» газеті. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

References

«Kazak» gazeti 1998 - «Kazak» gazeti 1998, Bas redaktor A. Nysanbaev, Almaty, «Kazak e'nciklopediyasy» Bas redakciyası. (in Kaz).

Проблемы религии в газете «Қазақ»

Смагулова Светлана Одепкызы

доктор исторических наук, доцент, заместитель директора истории и этнографии имени Ш.Ш. Валиханова. Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28.
E-mail: adep_s68@mail.ru

Абикова Гульшат Масалимкызы

заведующий отделом редких книг и рукописей РГП «Ғылым Орда». 050100, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28.

Аннотация. Религия играет значительную роль в духовной и социально-политической жизни общества. В данной статье освещаются религиозные проблемы, которые затрагивались в статьях, опубликованных в газете «Қазақ», издаваемой в 1913-1918 годах в г. Оренбург. Авторы, опираясь на данные газеты, анализируют проблемы, а также давление на религию посредством политики колонизации и русификации, проводимых на казахской земле. Кроме того, в исследовании освещается общественное мнение о религиозной проблеме и сложившейся в тот период религиозной ситуации.

Ключевые слова: религия; ислам; общество; колонизация; руссификация; традиция; шариат; духовность.

Religious issues in «Kazakh» newspaper

Smagulova Svetlana Odepkyzy

Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Deputy Director of Sh.Sh. Valikhanov Institute of History and Ethnography. 050010 Republic of Kazakhstan, Almaty, 28, Shevchenko str.
E-mail: adep_s68@mail.ru

Abikova Gulshat Masalimkyzy

Head of Department of Rare Books and Manuscripts MSE «GylymOrdasy». 050100, Republic of Kazakhstan, Almaty, 28, Shevchenko str.

Abstract: Religion plays an important role in the spiritual, social and political life of society. This article highlights religious issues that are addressed in articles published in the newspaper «Kazakh», published in 1913-1918 years in Orenburg city. Authors, based on data of the newspaper, analyze problems and pressure on the religion through a policy of colonization and russification pursued on the Kazakh land. In addition, the study highlights the public opinion about the religious problem and the religious situation at that time.

Keywords: religion; Islam; society; colonization; russification; the tradition; the Sharia; spirituality.